КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 04 қазан №2301-23-00-2/1488 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№25 «Еркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Қымбат» Шаяхметова Жанар Жанбозқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 496 теңге 19 тиын тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Б.К.Тулешева
Жауапкер Ж.Ж.Шаяхметова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 11 мамырдағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №24 келісім-шарт 2023 жылғы 16 мамырда жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер тапсырыс берушіге қар жинайтын күректі шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 31 мамырға дейін жеткізуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы – 17 110 теңге.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары тиісінше орындалмағанын, атап айтқанда жауапкер 2023 жылғы 31 мамырға дейін күректі жеткізбегенін көрсетіп, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз

қатысушы деп танып, 01 маусым – 30 маусым аралығындағы 29 күнге есептелген 496 теңге 19 тиын тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талапты қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер Ж.Шаяхметова талапты ішінара мойындап, міндеттеменің орындалмағанын жоққа шығармай, маусым айында ауырып жатырған атасын бағу үшін ауылға кеткенін, шілде айында атасы қайтыс болғанын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың орындалу мерзімі – келісім шартқа қол қойылғаннан кейін 15 күнтізбелік күн аралығы болып белгіленген.

Демек, жауапкер міндеттемесін 2023 жылғы 31 мамырға дейін орындауға міндетті болған.

Жауапкер бүгінгі күнге дейін шарттың міндеттемелерін толық көлемінде орындамаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.\

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы, тиісінше орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден мерзімі өткен 29 күнге есептелген 496 теңге 19 тиын тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот, талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерден 496 теңге 19 тиын тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабының бөлігі қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 5 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№25 «Еркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Қымбат» Шаяхметова Жанар Жанбозқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 496 теңге 19 тиын тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Қымбат» Шаяхметова Жанар Жанбозқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Қымбат» Шаяхметова Жанар Жанбозқызынан мемлекет кірісіне 496 теңге 19 тиын тұрақсыздық айыбы, 1730 (бір мың жеті жүз отыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама: шешім заңды күшіне 2023 жылғы 13 қарашада енді.

Судья А.Р.Балмуханова